

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «№ 74 ЖОББМ»КММ

Топ: Мектепалды даярлық 0 «А»

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 10.04 – 14.04. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 10.04		Сейсенбі 11.04	Сәрсенбі 12.04	Бейсенбі 13.04	Жұма 14.04
08:30-09:00 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.					
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс					
	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын әрекеті(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); Үстел үсті ойындары: «Ғарышкерлер» Мақсаты: Балаларды еңбекті құрметтеуге, ұйымшылдыққа, достыққа баулу. Әдістемелік нұсқаулар: Ойын үстел үстінде, зымыран ойыншығының жанында өткізіледі. Суреттерге қарап,рөлдеріне сәйкес суреттерді қою қажет:командир, механик, дәрігер, ғарышкерлер. Командир ғарышкерлермен жаттығу жүргізеді. Дәрігер денсаулықтарын тексереді. Ракетаға отырып ұшады. Жерде жалаушамен белгі	Құрастыру– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Үстел үсті ойындары: «Меңін кім болып жұмыс істейтінімді тап?» Мақсаты: Балалардың мамандықтар туралы білімдерін бекіту. Және де сол мамандық иелерін сыйлап, құрметтей білуге тәрбиелеу. Әдістемелік нұсқаулар: Тәрбиеші балалардан қандай мамандықтарды білетіндерін еске түсіруді сұрайды. Содан кейін әр балаға түрлі мамандық иелері бейнеленген суреттерді үлестіріп береді. Сендер өздеріңнің суреттеріңді мұқият қарап, бейнеленген мамандық	Танымдық және зияткерлік дағдылары Үстел үсті ойындары: «Кім неге бейім?» Мақсаты: Балаларды жануарлардың табиғат аясындағы өмірге бейімделу ерекшіліктерімен таныстыру. Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар: Балалар сурет бөлшектерінің қай жануарға тиесілі екенін анықтайды да, карточка бөлшектерін біріктіреді (бүркіттің тұмсығы, бүркіттің тырнақтары, құндыздың құйрығы, құндыздың тістері және т. б). суреттер бойынша балалар жануарлардың дене мүшелерінің қайсысы неге бейімделгенін айтады. Карточканың екінші	Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті Сәйкестендіру ойыны: Ойын жаттығу: «Өз үйінді тап» Мақсаты: Балалардың көлік жайлы білімдерін бекіту. Көліктердің пайдасын түсіндіру, оны жүргізу арқылы байқампаздыққа тәрбиелеу. Әдістемелік нұсқаулар: Тәрбиеші балаларға көліктің қандай да бір түрі бейнеленген карточка таратып береді. Соған байланысты балалар өздерін ұшқыш, жүргізуші т.б. болып сезінуі қажет. Содан соң барлығы адамдар тасуға, жүк тасу жұмыстарына кетеді. Тәрбиешінің белгісі бойынша жұмысты аяқтап,	Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Сәйкестендіру ойыны: « Қателесіп қалма» Мақсаты: Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтіні туралы біліктерін нығайту. Әдістемелік нұсқаулар: Ойын үстел үстінде тұрған таң,түс,кеш.түн суреттер тұрады.Ал,екінші жерде оянамыз, амандасамыз, жуынамыз, тіс тазалаймыз, таранамыз,тамақ ішіп ,ойнап,жатуға арналған суреттер бойынша сәйкестендіріп қою.	

беріп, ұшатын, қонатын
бағытын сілтеп көрсетеді.
Бақылау түрі: ішінара.



туралы таңдап айтып
беруге тырысып көріңдер.
Ал біз сендердің қайда
және кім болып жұмыс
істейтіндіктеріңді тауып
көрейік. Балалардың
суреттерді өздері
таңдауына болады.

Ықтимал күрделендіру:
Тақпақтарды айтқызып,
жұмбақтар шеші.

Ойынның нұсқаулары:
«Кім болғын келеді?»
деген тақырыпта балалар
сюжеттік суретке қарап,
әңгіме құрап айтады.



жағынан балалар әр
жануардың толық екі
бейнесін табады. Егер
жұптар дұрыс
құрастырылса, бейне сәйкес
келеді.

Тәрбиеші барлық
жануарларды көрсетіп,
атайды және дене
мүшелерінің қай бөлігі неге
бейімделгенін, табиғатта
тіршілік ету үшін неге
көмегі тиетінін әңгімелейді.

Ықтимал күрделендіру:
Тақпақтарды айтқызып,
жұмбақтар шеші.

Ойынның нұсқаулары:
«Орман тұрғындары» деген
тақырыпта балалар
сюжеттік суретке қарап,
әңгіме құрап айтады.



әркім өз орнына жетуі керек.
Балалар жұмысты
орындаған соң тәрбиеші
тексереді. Ойынды қайталай
отырып, тәрбиеші
карточкаларды
айырбастауды ұсынады, ал
өзі орындықтағы
ойыншықтарды айырбастап
қояды.


Ықтимал күрделендіру:
Жұмбақтар шешіп,
жаңылтпаштар, тақпақтар
айтқызу.

Ойынның нұсқаулары:
«Бір сөзбен ата?» деген
тақырыпта балалар
сюжеттік суретке қарап,
әңгіме құрап айтады.



Ықтимал күрделендіру:
Жұмбақтар шешіп,
тақпақтар айтқызу.

Ойынның нұсқаулары:
«Жылдың қай мезгілі?»
деген тақырыпта балалар
сюжеттік суретке қарап,
әңгіме құрап айтады.





					
Таңертенгі жаттығу	№ 24 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Ұзын жіппен жаттығулар орындау. № 1 жаттығулар кешені 1.Б.к. : түзу тұру, 1 – қолдарын жоғары көтеріп, таспаны бір қолынан екінші қолына береді. 2– қолдарын екі жаққа айналдыра отырып, төмен түсіреді (8 рет). 2.Б.к. : түзу тұру, қолдары төменде. Таспаны жанына қарай созып, денені оңға (солға)бұрады (8 рет). 3.Б.к. : түзу тұру, алдыға еңкею, таспаны бір қолынан екінші қолына оң (сол) аяғыныңартынан беру (8 рет). 4.Б.к. : өкшелеп отыру. Тізесіне көтеріліп, оң (сол) қолдарын жоғары сермейді. Б.к. қайтакеледі (8рет). 5.Б.к.: қолдарымен артқа тіреліп отыру, аяқтарын түзу ұстайды. Екі аяғын бірдей бүгіп,таспаны қолдан-қолға ауыстырады. Аяқтарын қайта түзейді. (8 рет)	№ 25 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Жолдорбамен жаттығулар орындау № 1 жаттығулар кешені 1.Б.к. : түзу тұру, 1– қолдарын жоғары көтеріп, таспаны бір қолынан екінші қолына береді. 2– қолдарын екі жаққа айналдыра отырып, төмен түсіреді (8 рет). 2.Б.к. : түзу тұру, қолдары төменде. Таспаны жанына қарай созып, денені оңға (солға)бұрады (8 рет) 3.Б.к.: түзу тұру, алдыға еңкею, таспаны бір қолынан екінші қолына оң (сол) аяғыныңартынан беру (8 рет). 4.Б.к.: өкшелеп отыру. Тізесіне көтеріліп, оң (сол) қолдарын жоғары сермейді. Б.к. қайтакеледі (8рет). 5.Б.к.: қолдарымен артқа тіреліп отыру, аяқтарын түзу ұстайды. Екі аяғын бірдей бүгіп,таспаны қолдан-қолға ауыстырады.	№ 26 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Мойын бұлшық еттеріне қосымша қарсылыс көрсету арқылы орындалатын жаттығулар: №1 жаттығулар кешені 1.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, бір қолыңыз алақан мен иекке тірелген, басыңыз артқа қарай шалқайған, ал шынтағыңыз басқа қолыңыздың алақанына тірелген: бастықарсылық күшіне қарсы алдыға еңкейту, 5-6 сек 4–6 рет орындаңыз 15–20 сек демалып. 2.Б.т. – үстіндегідей жаттығу, бірақ бас алдыға еңкейген. 3.Б.т. – аяқты екі жаққа қою, бас кеудеге қарай еңкейген, саусақтарыңыз бастың артқы жағында қымтап ұсталған: бастың қарсылық күшіне қарсы қозғалуы. 4–6 рет. 4.Б.т. – үстіндегідей жаттығу, бірақ басы артқа	№ 27 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Арқа мен іштің бұлшық еттерін нығайтуға арналған үлгілі жаттығулар: №1 жаттығулар кешені 1.Б.т.- тұрған қалыпта, қолды белге. Шынтақ сыртқа қарайды, ал жауырындардықосуға тырыс. Бастапқы тұрысқа оралу. Дем шығару. 2.Б.т. – аяқты екі жаққа, қолдар иықта. Түзу арқамен алдыға еңкею. Бастапқы тұрысқа оралу. Дем шығару. 3.Б.т. – тұрған қалыпта гимнастикалық таяқты қолда ұстау. Таяқты алдыға үстігекөтеру. Дем шығару. Бастапқы дене қалпына оралу. Тыныс алу. 4.Б.т. – тұрған қалыпта, астыға түскен қолда таяқ. Отырып, қолды алдыға көтеру.Арқа тік тұрады. Бастапқы дене қалпына оралу. Тыныс алу. 5.Б.т. – тұрған қалпында жауырыңға таяқ қою. Алдыға еңкею, қолды	№ 28 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Доппен жаттығулар орындау №1 жаттығулар кешені 1.Б.т. – отырып жерде жатқан допты екі табанмен бірге алдыға-артқа жүргізу. 2.Б.т. – отырып жерде жатқан допты екі аяқтың табандарымен бөлек бір-бірлепалдыға-артқа жүргізу. 3.Б.т. – отырған қалыпта. Аяқ бүгілген, қолдары артқы жағында, доп табанастында. Допты екі табанмен солға-оңға айналдыра жүргізу. 4.Б.т. – арқамен жатқан қалыпта, доп аяқ табандарының ортасында. 1-2– аяқты көтерген қалпында допты ұстап тұру. 3-4– бастапқы дене қалпына оралу. 5.Б.т. – арқамен жатқан қалыпта, доп аяқ

	6.Б.қ. Етпетінен жату. Денесінің алдыңғы жағын көтеріп, қайта түсіреді. (Екі қолына датаспа ұстайды) (8 рет) 7.Б.қ. бір орында тұрып, бір аяқпен секіреді (6 рет).	Аяқтарын қайта түзейді. (8 рет) 6.Б.қ.: етпетінен жату. Денесінің алдыңғы жағын көтеріп, қайта түсіреді. (Екі қолына датаспа ұстайды) (8 рет) 7.Б.қ. бір орында тұрып, бір аяқпен секіреді (6 рет).	шалқайған қалпында. 5.Б.т. – аяқты екі жаққа, бір қол басты тірейді, екіншісі белде: қарсылас күшіне қарсы бастың оңға – солға қозғлысы. 6–12 рет. Тыныс бірқалыпты. 6.Б.т. – аяқты екі жаққа, бір қол иекке тірелген, екіншісі белде: бастың қозғалу барысында иекпен қолға қысым білдіру, сол қалыпта 5-6 сек ұстау керек. 4–8 рет. Берікті жаттығулардан кейін бұлшық еттерді созуға арналған жаттығулар орындалады. Мойын бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды профилактикалық құрал ретінде қолдануға болады. Оқу барысында немесе жұмыс кезінде бастың, мойын бұлшық етінің, дене көп уақыт аралығында ыңғайсыз күйде қалған кездегі әлсіреп, шаршағанын басу үшін қолдануға болады.	жоғары көтереотырып таяқты үстіне шығару. Бастапқы дене қалпына оралу. 6.Б.т. – көлбеу жазықтықта арқаға жату, қолыңмен гимнастикалық қабырғаның рейкасынан ұстану, аяқты бүгіп ішке қарай көтеру. Бастапқы дене қалпына оралу. Тыныс алу. 7.Б.т. – арқамен жатып, велосипед жүргізген тәрізді аяқтармен қимыл жасау. 8.Б.т. – арқаға жатып, қолды көтеріп, аяқты көтеріп қолға тигізу. Келесі екінші аяқпен. Бірнеше рет қайтала. 9.Б.т. – ішпен жатып, дене бітімін көтеру. Кеуде сүйектеріне жұмыс. Бастапқы дене қалпына оралу. 10.Б.т. – ішпен жатып, қолдарды белде ұстау. Дене бітімін және оң аяқты көтеру. Тыныс алу. Бастапқы дене қалпына оралып, сол жаттығуды екінші аяққа жасау. 11.Б.т. – ішпен жатып, қолдарды шынтақ буындарында бүгу, жауырындарда гимнастикалық таяқша ұсталынып тұр. Баяу дене бітімін көтеріп, оны гимнастикалық таяқшадан асыру. Бастапқы дене қалпына оралу. Тыныс еркін.	табандарының ортасында. 1-2– аяқты көтерген қалпында допты ұстап тұру. 3-6– аяқ қимылдарымен допты оңға-солға жүргізу. 7-8– б.т.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты					

09.00 11.50 ҮІӨ	09.00-09.30 09.40-10.10 10.40-11.10 11.20-11.50	10.04.23 Дүйсенбі Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	11.04.23 Сейсенбі Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Құрастыру Музыка	12.04.23 Сәрсенбі Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	13.04.23 Бейсенбі Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	14.04.23 Жұма Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру
«Ас – адамның арқауы» түскі ас. 10:10-10:40		Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер						
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:09.00-09.30						
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері ҮІӨ тақырыбы:Кім қайда тұр? ҮІӨ мақсаты: кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптастыру. Қоршаған ортада бағдарлануға үйрету, белгілі бір затты оның орналасуын сипаттау бойынша табуға үйрету; жоғары, төмен, оң жак, сол жак, ортада терминдерді пайдалануға жаттықтыру. Графикалық диктантты орындау, схемаға сәйкес затты табу, қарапайым мысалдар шығару білігін бекіту. Дағды: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеуді дамыту; қолдың ұсақ моторика дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: заттың орналасуын атауды: жоғары, төмен, оң жак, сол жак,	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік,таным-дық әрекет ҮІӨ тақырыбы: Дыбыстық талдау . ҮІӨ мақсаты: төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру. Сөздерге дыбыстық талдау жасау, суреттерді өз дыбыстық сызбасымен сәйкестендіру, сөзге буын жалғап сөз құрауды жалғастыру. Дағды: Сызбадан дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы шапшаң ойлары мен есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын түсінеді. Қолданады: дыбыстық талдаудың сызбасын,	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері ҮІӨ тақырыбы: Кім қайда тұр? ҮІӨ мақсаты: кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптастыру. Қоршаған ортада бағдарлануға үйрету, белгілі бір затты оның орналасуын сипаттау бойынша табуға үйрету; жоғары, төмен, оң жак, сол жак, ортада терминдерді пайдалануға жаттықтыру. Графикалық диктантты орындау, схемаға сәйкес затты табу, қарапайым мысалдар шығару білігін бекіту. Дағды: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеуді дамыту; қолдың ұсақ моторика дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: заттың орналасуын атауды: жоғары, төмен, оң жак, сол жак,	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері ҮІӨ тақырыбы: Қағаз бетінде бағдарлау. ҮІӨ мақсаты: кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру. Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау. Дағды: Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторика дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді: жоғары, төмен, оң жакта, сол жакта, ортада; Түсінеді: заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын; Қолданады: белгілі бір	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік әрекет ҮІӨ тақырыбы: Біз нені білдік? ҮІӨ мақсаты: өткен тақырыптарды пысықтау. Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру. Дағды: Сөйлемдегі сөздің орнын анықтауға, берілген дыбысқа сөз ойлап айтуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дағды арқылы дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: сөйлем құрайды, сөйлемнің сызбасын сызады, сөздерді буынға бөледі, сөздерді буын бойынша сәйкестендіреді, берілген дыбысқа сөз ойлайды және айтады, сөздердің жалпы атауын атайды. Түсінеді: сөйлемнің сөзден, сөздің дыбыстан тұратынын түсінеді.	

	орта; графикалық диктантты орындауды; қарапайым мысалдар шығаруды; Түсінеді: термин мағынасын; заттардың орналасуын; Қолданады: қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілеуді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: Хатқалтаны ашып, оқиды: «Педагогтің үстелінің алдына тұр, тура жүр, шкафа жақында, ондағы қорапта ойыншық жатыр». Оқуды жалғастырады: «терезеге жақында, сол жаққа бұрыл, перденің артында қуыршақ бар». Қолдану: «Қарама-қарсы бағдарды ата» дидактикалық ойыны Ұйымдастырады. Кеңістіктік бағдарларды атайды, ал белгі (доп, көрсеткіш, фишка және т.с.с.) алған бала мағынасы бойынша қарама-қарсы бағдарды атайды. Мысалы, оң жақ - сол жақ, жоғары - төмен және т.б. Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді айтады. Түсіну: Топтық жұмыс. «Не өзгерді?» ойыны Педагогтың үстелінде бірнеше зат жатыр. Балалар бір-біріне қатысты	дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Ой қозғау: жалпы атауын ата ойынан ұйымдастыру арқылы бастайды. Дәрігер, аспазшы, тігінші – . . . (мамандықтар) Ұшақ, зымыран, тікұшақ, дельтаплан – . . . (ұшатын көліктер) Футбол, волейбол, хоккей – . . . (спорт түрлері) Қасқыр, арыстан, қоян, керік – . . . (жабайы аңдар) Көлік, қуыршақ, доп, секіртпе – . . . (ойыншықтар) Түсіну: Дыбыстармен жұмыстар. Ойын: «Жалауды көтер» (дыбыс, буын, сөз) Дыбыстарды, буындарды, сөздерді айтады: д,р,у, п, ш,н,у, к... Па, шу, ио, уын, ку, ти, са, лау, сур , ту, лак, ми, ри, на, ту, на, пақ..... Апа, саумал, садақ, шулама, шалбар, аққу, дала, сақина, қауын..... Балалар «у» дыбысын естігенде, қызыл жалаушаларын желбіретеді. Қолдану: Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» –Мен сендерге суретін көрсетіп сөз айтамын сендер тек дауыссыз дыбыстардан басталатын мағынасына келетін сөздер жалғауларың керек. Мысалы: алма (қызыл), тон (жылы), мысық (сары), тышқан (кішкентай),	орта; графикалық диктантты орындауды; қарапайым мысалдар шығаруды; Түсінеді: термин мағынасын; заттардың орналасуын; Қолданады: қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілеуді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: Хатқалтаны ашып, оқиды: «Педагогтің үстелінің алдына тұр, тура жүр, шкафа жақында, ондағы қорапта ойыншық жатыр». Оқуды жалғастырады: «терезеге жақында, сол жаққа бұрыл, перденің артында қуыршақ бар». Қолдану: «Қарама-қарсы бағдарды ата» дидактикалық ойыны Ұйымдастырады. Кеңістіктік бағдарларды атайды, ал белгі (доп, көрсеткіш, фишка және т.с.с.) алған бала мағынасы бойынша қарама-қарсы бағдарды атайды. Мысалы, оң жақ - сол жақ, жоғары - төмен және т.б. Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді айтады. Түсіну: Топтық жұмыс. «Не өзгерді?» ойыны Педагогтың үстелінде бірнеше зат жатыр. Балалар бір-біріне қатысты	затты орналасуы бойынша табуды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: «Қайда барасың, нені табасың?» атты дидактикалық ойынды ұсынады. Ойын мақсаты: ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді. Ойын барысы. Ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені. Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді: Оң жаққа барсаң, аюды табасың, Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың. Алға қарай жүрсең, допты табасың, Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың.	Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөздерді буынға бөледі. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Ой қозғау: «Жалпы атауын ата» ойынын ойнату арқылы бастайды. Көбелек, құмырсқа, қоңыз, өрмекші – . . . Алма, алмұрт, жүзім, анар – Қызанақ, қияр, сәбіз, пияз – Маржан, Ажар, Асыл, Ерке Түсіну: Дидактикалық ойын-жаттығу «Жалауша» Дыбыстар айтады егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер» Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді. Қолдану: Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ». Дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек. Мысалы: «а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жәпаалақ, «с»сағыз, «р» рауғаш, «у»
--	---	--	---	--	---

	заттардың қалай орналасқанын есте сақтайды. Содан кейін олар көзін жұмады, осы кезде педагог бір немесе екі заттың орындарын ауыстырады. Балалар көзін ашып, қандай өзгерістер болғанын, заттар бұрын қайда тұрғанын және қазіргі тұрған жерін айтады. Балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. Мысалы, қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр, т.б. Қызығушылық танытып, педагогті тыңдайды. Білу: Топпен жұмыс: Санамақ арқылы балалар топқа бөлінеді. Балалардың әрқайсысында өрнекті сурет (алаша) бар. Ойын жаттығуы. «Өз өрнегің туралы айтып бер». Балалар пішіндерді қарап, олардың орналасуын атауы тиіс. Балалар топтасып жұмыс істейді. Өрнектің элементтері қалай орналасқаны туралы айтады: оң жақтағы жоғарғы бұрышта - дөңгелек, сол жақтағы жоғарғы бұрышта шаршы, сол жақтағы төменгі бұрышта -сопақша, оң жақтағы төменгі бұрышта - тіктөртбұрыш, ал ортада үшбұрыш орналасқан. Өткен оқу қызметіндегі	<i>қасық (темір), жастық (жұмсақ), кітап (қызық), дөп (жеңіл), ат (жүйрік), үстел (биік), кірпі (кішкентай), саңырауқұлақ (көп), алма (үлкен), нан (жұмсақ), сабын (сопақ), арба (жалпақ), таңқурай (майда), құлтынай (дәмді), банан (сары), кесе (әдемі), қалам (жасыл), етік (жылы), қозы (сүйкімді)...</i> <i>т.б.</i> Дидактикалық жаттығу: «Түсіп қалған буынды жалға» –Мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын сендер түсіп қалған буынды жалғап отырасындар. Мысалы: <i>сауын...шы, асқа...бақ, таңқу...рай, құлпы...най, жас...тық, мақ...та, балмұз...дақ, қар...быз, жаң...зақ, бақта...шы, қуыр...шақ, құмырс...қа, қам...шы, қа...йық, қал...қан, ли...мон, апель...син, домбы...ра, дор...ба, жапы...рақ, көр...не, көзілді...рік,күнба...ғыс, күн...діз,арыс...тан</i> т.б. Білу: Зымыран – з – ұяң дауыссыз дыбыс. Робот – р – үнді дауыссыз дыбыс. Ғарышкерлер - ғ – ұяң дауыссыз дыбыс. Қоян - қ – қатаң дауыссыз дыбыс. Мысық - м – үнді дауыссыз дыбыс. Нар - н –үнді дауыссыз дыбыс. Керік - к – қатаң дауыссыз дыбыс. Секіртпе – с – қатаң дауыссыз дыбыс.	заттардың қалай орналасқанын есте сақтайды. Содан кейін олар көзін жұмады, осы кезде педагог бір немесе екі заттың орындарын ауыстырады. Балалар көзін ашып, қандай өзгерістер болғанын, заттар бұрын қайда тұрғанын және қазіргі тұрған жерін айтады. Балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. Мысалы, қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр, т.б. Қызығушылық танытып, педагогті тыңдайды. Білу: Топпен жұмыс: Санамақ арқылы балалар топқа бөлінеді. Балалардың әрқайсысында өрнекті сурет (алаша) бар. Ойын жаттығуы. «Өз өрнегің туралы айтып бер». Балалар пішіндерді қарап, олардың орналасуын атауы тиіс. Балалар топтасып жұмыс істейді. Өрнектің элементтері қалай орналасқаны туралы айтады: оң жақтағы жоғарғы бұрышта - дөңгелек, сол жақтағы жоғарғы бұрышта шаршы, сол жақтағы төменгі бұрышта -сопақша, оң жақтағы төменгі бұрышта - тіктөртбұрыш, ал ортада үшбұрыш орналасқан. Өткен оқу қызметіндегі	Қайда барғың келеді? Бала ойыншықты табады. Ойын 3-4 рет қайталанады. Қолдану: Балаларды топқа бөлу үшін педагог санамақ ұсынады. Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады. Ойын жағдаятын ұйымдастырады (ойыншықтарды табуға көмектеседі). Карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы.Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды.  Түсіну: Дәптермен жұмыс 1-тапсырма.Мотоциклді суреттің ортасына жапсыруды ұсынады. Мотоциклдің оң жағында, сол жағында, үстіңгі жағында, астыңғы жағында қандай заттар орналасқан? 2-тапсырма.Үйшігіне қарай иттің қайда орналасуын анықтау. Балаларға үйшіктің алдында отырған итке доптың суретін салуды тапсырады. Тапсырманы орындаудың әртүрлі нұсқаларын ұсынуға	<i>уық, «к» кілем, «т» тарақ, «қ» қызылша, «и» шырыша, «а» асқабақ, «к» картоп, «о» ожау, «ж» жаңбыр, «и» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «и» шалғы, «ц» щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «п» парта, «л» лақ, «э» элеватор т.б.</i> Білу: Дидактикалық ойын: «Пішініне қара» Балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: <i>палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сұт, халық, цирк, чек</i> т.б. Саусақ жаттығуы Партадағы саусақтар, Адымдайды, жүреді. Өнерлі бұл саусақтар, Сурет сала біледі. Ортанғы мен сұқ саусақ, Түйеқұсты салады, Төңкеріліп аспанға. Қоян да бола қалады.
--	--	--	--	--	---

	«Сиқырлы қозғалыстар» ойынын қайталауды ұсынады. Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды. Математикалық поэзия сәті: Сергіту сәті. <i>Көтеріп қолын қуыршақ, Жоғары-төмен, жоғары-төмен. Шыр көбелек айналып, Би билейді бізбенен.</i> 	Мүйізтұмсық - м – үнді дауыссыз дыбыс. Арыстан - а – жуан дауысты дыбыс. Скейт - с – қатаң дауыссыз дыбыс. Ұшақ – ұ – жуан дауысты дыбыс. Доп - д – ұяң дауысты дыбыс. Қуыршақтар - қ – қатаң дауыссыз дыбыс. Көлік – к – қатаң дауыссыз дыбыс. Суреттерді ата. Тиісті дыбыстық сызбамен қос. Дыбыстық талдау жаса. Шеге сөзінің дыбыстық талдауы. Тақтаға шеге сөзінің дыбыстық талдауын іледі. Шеге сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар. Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Г – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.	«Сиқырлы қозғалыстар» ойынын қайталауды ұсынады. Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды. Математикалық поэзия сәті: Сергіту сәті. <i>Көтеріп қолын қуыршақ, Жоғары-төмен, жоғары-төмен. Шыр көбелек айналып, Би билейді бізбенен.</i> 	болады. Балалар тапсырманы орындайды, талқылайды. Балаларға терминдерді қолдануды үйретеді: сол жағында, оң жағында, төменде, жоғарыда, артында, алдында. Білу: «Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны Елестетілген шаршының бұрыштары мен қабырғалары және оның ортасында еденге ойыншықтарды жайып қояды. Жетекші бала кез келген ойыншықты шаршыдан алып, басқа балалардан қай заттың артында, алдыңғы жағында, оң жағында және т.б. орналасқандығын атауға шақырады. Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды. Математикалық поэзия сәті: Сергіту сәті. -Ләйлек, ләйлек, Үйге жолды қалай табам? (Ләйлек жауап береді.) -Оң аяқпен бір қадам, Сол аяқпен бір қадам. Енді қайта оң аяқ, Енді қайта сол аяқ. Одан кейін оң аяқ, Одан кейін сол аяқ. Үйге осылай барасың. Мәтінге сәйкес қимылдарды орындайды.	
--	--	--	--	---	--

1 үзіліс - 09:30 - 09:40

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Еркін ойын түрі: «Ұшқыштар»

Мақсаты: Қозғалмалы ойындар сабақтарында меңгертілетін теориялық мәліметтер мен техника қауіпсіздігі ережелерін хабардар ету. Педагог бақылауымен ойынды балалар өз еркімен, өздері рольге, топқа бөлініп ойнайды.



Еркін ойын түрі: «Ұшқыштар»

Мақсаты: Педагог бақылауымен ойынды балалар өз еркімен, өздері рольге, топқа бөлініп ойнайды.

Әдістемелік нұсқаулар: Балалар 3-4 топқа бөлінеді. Олар бірінің соңынан бірі қолбасшының артында тұрады. Түрлі-түсті жалаушалармен белгіленген алаңдарда топтар орналасқан. Бұл- әуежай. «Ұшқыштар ұшуға дайындалындар» - деген тәрбиешінің белгісімен балалар әртүрлі бағытта жүгіреді, өз ұшағының қасында тоқтайды, жанармай құйып алады /еңкейеді/, моторды айландырады /қолдарымен кеуденің тұсында айландырады/, қанаттарын жан-жаққа созады, ұшады /әртүрлі бағытта жан-жаққа жүгіреді/. Ұшақтар тәрбиеші «қонындар», - деген белгі бергенше ауада ұшып жүреді. Бұдан кейін қолбасшы топтарын жинап әуежайға қонуға әкеледі. Қай топ бірінші келеді, сол жеңеді. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Ұсыныс: ойында әртүрлі құралдарды пайдалануға болады. Әуежайды белгілеп қойған жалаушаларды тәрбиеші білдірмей ауыстырып қояды. Қолбасшының топтарын әуежайға дұрыс орналастыруы қажет.



2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 09.40 – 10.10

2.Сөйлеуді дамыту- танымдық,коммуникативтік әрекет ҮІӨ тақырыбы: Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш. (Ы.Алтынсарин әңгімесі) ҮІӨ мақсаты: «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету. Дағды: Әңгімені тыңдата отырып, бала қиялын дамыту,сөздік қорларын	2.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі ҮІӨ тақырыбы: Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті бар? ҮІӨ мақсаты: Балалардың бойында дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері және олардың емдік қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; гүлдейтін шөптесін өсімдіктердің өздеріне тән белгілеріне қарай атын атап, тану қабілетін дамыту.	2. Көркем әдебиет- коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі ҮІӨ тақырыбы: Достық мерекесі (өлеңді жаттау) Серікбай Оспанов ҮІӨ мақсаты: Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын арттыру. Достық, ынтымақтастық туралы түсінігін кеңейту. Ұлттар мен ұлыстардың	2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік әрекет ҮІӨ тақырыбы: Маңдай тер. (Б.Досымов). ҮІӨ мақсаты: Сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау. Дағды: Әңгімеге тақырып қоя білуге,сөздік қорларын дамыту, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сұрақтарға	2. Көркем әдебиет- коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі ҮІӨ тақырыбы: Достық мерекесі (өлеңді жаттау) Серікбай Оспанов ҮІӨ мақсаты: Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын арттыру. Достық, ынтымақтастық туралы түсінігін кеңейту. Ұлттар мен ұлыстардың
--	---	---	--	---

	дамыту, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі, дидактикалық ойынды дәптерде орындайды; Түсінеді: үлкеннің айтқаны тәрбие екенін, ізеттілікті түсінеді; Қолданады: жұмбақтарды шешу арқылы әңгіменің тақырыбын айтады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: Әңгімелесу Еңбек дегеніміз не? Еңбек ету адамға қажет пе? Еңбекқор деп қандай адамды айтамыз? Білу: Ы. Алтынсарин – қазақ ағартушысы, ақын, жазушы. Ең алғаш қазақ балаларына мектеп ашып, балаларды білімге шақырып ұстаздық еткен дара тұлға. Сендер ең алғаш мектепке барғанда ол кісінің "Кел, балалар, оқылық!" атты өлеңімен танысасындар. Балаларға арналған "Өке мен бала", "Екі дос", "Өнер білім бар жұртта" "Киіз үй мен ағаш үй", "Мейірімді бала", "Асыл шөп", "Аурудан аяған күштірек", "Бұл кім?", "Ананың сүюі" деген шығармалары бар. Қолдану: "Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш" әңгімесін оқып береді. Атасы мен баласы далада келе жатып, атасы баласынан сұрайды: Анау өрмекшіні көрдің бе?	Дағды: Зейінін, көзбен көргенін есте сақтау қабілетін және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілетін дамыта отырып дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: дәрілік өсімдіктер жайлы түсінік қалыптастырған; өз өлкесінде өсетін өсімдіктердің кейбір түрлерінің аттарын атап береді. Түсінеді: олардың емдік қасиеттерін. Қолданады: дәрілік шөптерді жинау дағдысын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру. Тәрбиеші шенбердің ішімен жүреді, бірде ұлға, бірде қызға кезек-кезек қарап айтады. Қолдарын бір-біріне ұстатады. Балалар бір-біріне күлімдеп қарайды. Жарқырап күнде ашылды, Айналаға гүл шашылды Қайырлы күн! Біз нәзік қыздармыз! Қайырлы күн! Біз ержүрек ұлдармыз! Миға шабуыл: Адамдардың өсімдіктерді емдік мақсатта пайдаланатынын айтады. Балалар әңгімеге қосылады. «Өсімдіктерсіз Жер бетінде тіршілік болмас еді, өсімдіктер тірі жан иелерінің тыныстауына көмектеседі» деген тұжырым жасайды. Түсіну: Табиғаттың адамдарға жасаған сыйы көп. Көптеген ауруларды емдеуге көмектесетін дәрілер бар. Тек оларды тани білуіміз және қолдана білуіміз керек. Адамдар аңдардың бәрінің	мәдениеті туралы түсінік беру. Мерекелік көңіл күйлерін ояту. Өлең әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Дағды: Өлеңді дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттатуға дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: өлең мазмұнының түсінеді; Қолданады: өлеңді мәнерлеп жатқа айтады, достық туралы сөздерді есіне сақтайды, өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, айтып бере алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: 1 Мамыр – халықтар достығы ынтымақ мерекесі. Бұл мереке несімен ерекше? Түсіну: Достық – барлық елдердің бірлігі, берекесі, татулығы. Еліміз тыныш болса, бәрі де жақсы болады. Біз бүгін Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз. Бүгін Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның	жауап береді, түсінгендерін айта біледі, сөйлем түрлерін анықтайды; Түсінеді: «мандай тер» сөзінің мағынасын; Қолданады: әңгімеге тақырып ойлап табуды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: Осы кезде бөлмеге «сауысқан» келеді де, саңқылдаған дауыспен: Хат келді! Хат келді! – деп саңқылдайды. Хатты алып оқып, бұл хатта әңгіме жазылғанын және әңгімеге тақырыпты балалардың ойлап табуы керектігін айтады. Енді мен әңгімені оқияын, ал сендер мұқият тыңдаңдар: Түсіну: Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған. Қазір құрметті демалыста. Сонда да үйде отырғанын көрмейсің. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс егіп жүргені. Ешқашан шаршамайды. Ата, «мандай тер» деген не? – деп сұрады бірде Хамит. Атасы ойға шомды. Көзін бірнүктеге қадады. Сонан соң Хамитті жетектеп, өзі көшет алып жүрген тоғайға келді. Қолына күрек ұстатты да: Кәне, екі-үш көшет қазып ал, – деді.	мәдениеті туралы түсінік беру. Мерекелік көңіл күйлерін ояту. Өлең әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Дағды: Өлеңді дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттатуға дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: өлең мазмұнының түсінеді; Қолданады: өлеңді мәнерлеп жатқа айтады, достық туралы сөздерді есіне сақтайды, өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, айтып бере алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: 1 Мамыр – халықтар достығы ынтымақ мерекесі. Бұл мереке несімен ерекше? Түсіну: Достық – барлық елдердің бірлігі, берекесі, татулығы. Еліміз тыныш болса, бәрі де жақсы болады. Біз бүгін Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз. Бүгін Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас
--	--	---	--	--	--

	Бала: Көрдім, өрмек тоқып жүр. Ата: Анау құмырсқаны көрдің бе? Бала: Көрдім, аузында наның ұнтағы бар, кетіп барады. Ата: Жоғары қара, аспанда не көрінеді? Бала: Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар, – дейді. Сонда атасы былай дейді: Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер – саған үлгі. Өрмекші маса мен шыбынды тұзақ құрып ұстаған соң, өзіне азық етеді. Құмырсқа балаларына тамақ алып бара жатыр. Қарлығаш балапандарына ұя салу үшін шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүргенбір жан жок. Сен де жұмыс істеуге әдеттенуің керек. Балалар, әңгіме сендерге ұнады ма? Әңгіме не туралы айтылған? Әңгімедегі кейіпкерлер қандай екен? Мақал-мәтел жаттау. 1. Еңбек – адамның екінші анасы. 2. Еріншек түске дейін ұйықтайды. 3. Жалқаулық – жаман ауру. Поэзиялық сергіту сәті: (Сергіту жаттығуларын Н. Жанаевтың «Еңбек» өлеңімен жасатуға болады.) Гүл өсірсен терлеп, Мұның аты – еңбек. Кесте тіксең зерлеп, Мұның аты – еңбек. Сабағыңа жөндеп,	шөптермен емделетінін ерте замандарда байқаған. Әртүрлі өсімдіктер әртүрлі ауруларға ем. Сендер қандай дәрілік өсімдіктерді білесіңдер? Дәріханадан дәрілік шөптерді көргендерің бар ма? Сендер ересектермен бірге дәрілік шөптерді жинап көрдіңдер ма? Дәрілік өсімдіктерден демделген шайды кім ішіп көрді? Тәрбиеленушілерге Қазақстандың дәрілік шөптері туралы әңгімелеп береді: Қалақайдың адамдар үшін пайдасы көп. Одан салат пен щи дайындауға болады. Қалақайдың құрамында микробтарды өлтіретін заттар бар. Сонымен қатар қалақай қанды тоқтатады және шаштың түбін нығайтады. Адамдар жолжелкенді ерте замандардан бері пайдаланған. Ол жараны жазуға, асқазан ауырғанда және суық тигенде жақсы көмектеседі. Дәрілік өсімдіктердің көбі орманда, далада, көгалдарда, су жағасында кездеседі. Педагог айтқан мәліметтерді мұқият тыңдайды. Өз өмірінен алған мәліметтермен толықтырады. Есте сақтап қалады: Тәбетің дұрыс болмаса, бақбақ тамырының, асқазаның ауырса, мыңжапырақтың, суық тисе, киікотының, жөтелсең, өгейшөптің, аяғың күйіп қалса, сүйелшөптің қайнатпасымен емдейді. Терідегі дақты да сүйелшөп кетіреді. Тамағың ауырса, дала түймедағымен, жараны қырмызыгүлмен емдейді. Білу: «Алмаз» техникасы. Қысқаша жауаптан кейін сурет	жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Күлімде, Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат. Берекелі бүгіндей, Бейбіт болсын болашақ! Білу: Сөздік жұмыс: <i>Күлімде</i> – қуан, шаттан. <i>Берекелі</i> – молшылықты. <i>Бейбіт</i> – тыныштық жайлы. Дәптермен жұмыс: Суретке мұқият қара, не байқадың? Өз ойыңды айт. Суреттегі қай ұлттың балалары деп ойлайсың? Олардың көңіл күйлері қандай? Балаларға есімдер ойлап тауып, достық туралы әңгімеле. Есіңе сақта: «Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол». Поэзиялық сергіту сәті: Сергіту сәті: Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз, Міне, біздер қандаймыз!	Өзі шеткерірек барып, ағаш көлеңкесіне жайғасты. Хамит пора-пора боп терледі. Үйге келген соң да атасы жақ ашпады. Жылдар өтіп жатты. Көшеттер үлкен ағашқа айналды. Алма мен жүзім мол жеміс салды. Қоңыр күзде атасы Хамитті ертіп бақ ішіне келді. Қып-қызыл алманың біреуін үзіп, қолына ұстатты. Сондай дәмді! – деді Хамит. Мандай тер деген осы, Хамитжан. Өзіңнің маңдай теріңнің жемісі, – деді атасы. Хамит атасын құшақтап алды. (<i>Б. Досымов</i>) Білу: Дидактикалық ойын: «Қандай сөйлем екенін тап». Ойын шарты: Сөйлемдер айтамын. Балалар қандай сөйлем екенін табады. Әже, сіз не істеп жатырсыз? Ұстандар! Ұстандар! Ұста оны! Күн шығып, дала нұрға бөленді. Алманы үзген кім? Тоқта! Қызыл түс жанғанда жүрме! Бақта жемістер өседі. Дәптермен жұмыс Дәптердегі тапсырманы орындау керек. Поэзиялық сергіту сәті: Сергіту сәті: Аппақ болып таң атты,	сөздермен суреттейді. Күлімде, Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат. Берекелі бүгіндей, Бейбіт болсын болашақ! Білу: Сөздік жұмыс: <i>Күлімде</i> – қуан, шаттан. <i>Берекелі</i> – молшылықты. <i>Бейбіт</i> – тыныштық жайлы. Дәптермен жұмыс: Суретке мұқият қара, не байқадың? Өз ойыңды айт. Суреттегі қай ұлттың балалары деп ойлайсың? Олардың көңіл күйлері қандай? Балаларға есімдер ойлап тауып, достық туралы әңгімеле. Есіңе сақта: «Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол». Поэзиялық сергіту сәті: Сергіту сәті: Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз, Міне, біздер қандаймыз!
--	--	---	---	--	---

	Өзірленсең – еңбек. Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек.	алмаздың тиісті шаршысына орналастырылады. Тапсырмалар: Жараны жазатын дәрілік өсімдіктің суретін таңда. Емдік қасиеті бар 2 бөлме өсімдігін тап. Біздің өлкемізде өсетін 3 дәрілік өсімдікті тап. Түймедақтың 4 түрлі қасиетін атап бер: жұпар иісті, әдемі, емдік, адамдар үшін өте қажет. Дәрілік шөптерді жейтін 3 жануарды таңда. Дәрілік өсімдіктердің 2 түрлі әрекетін атап бер: өседі, емдейді. Анаң ішкізген 1 дәрілік өсімдік қайнатпасының атын атап бер. Түймедақ, жолжелкен сияқты кейбір дәрілік өсімдіктерді зерттеуге қатысуға шақырады. Иісін, өзіне тән ерекшеліктерін атап көрсетеді. Қолдану: Балаларды дәрілік өсімдіктерді жинау тәртібін талқылауға шақырады.Талқылайды, дәрілік өсімдіктерді жинау тәртібін кұрастырады: Дәрілік өсімдіктерді жақсы білу және оларды улы өсімдіктерден айыра білу (қарғакөз т.б.). Дәрілік өсімдіктерді күн ашықта, танертең, шық кепкен кезде жинайды. Қалада, жолға жақын жерлердегі өсімдіктерді теруге болмайды. Неге? Өсімдіктерді жинаған кезде езіліп, шырыны шығып кетпес үшін кеңірек себетке салу қажет. 5.Өсімдіктерді күнге емес, көлеңкеге қойып кептіреміз. 6. Жинаған кезде өсімдіктерді басуға, тамырымен бірге жұлуды,		Түтін тіке ұшады. Қарлығаштар қанатын, Биік самғап ұшады.	
--	--	---	--	--	--

		біткенше жинауға болмайды. Өзекті мәселе: Қызыл кітапқа енген өсімдіктерді жұлуға болмайды. Неліктен?			
2 үзіліс – 10:10 – 10:40 Балалардың дербес іс-әрекеті Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.					
Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары Басты мақсат:Жылдамдықты, икемділікті, төзімділікті, күшті дамыту.Балаларға тез бұлтартып жүгіру тәсілдерін меңгерту.					
Артикуляциялық жаттығулар: Ойын:« Часы» «Сағат» Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру. Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз. • «Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек. • «Саңырауқұлақ» - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау. «Дәмді тосап» Мақсаты: жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету. Қысқаша сипаттамасы: Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу. Әдістемелік нұсқау. 1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере. 2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек. 3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек. 4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген соң шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.	 	Аз қимылды ойын:«Қуғыншыдан құтқару» Мақсаты: балаларға тез бұлтартып жүгіру тәсілдерін меңгерту. Ойын шарты: Мазмұны: Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады. Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуғыншы!» – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі. Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп , қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады. Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе; Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе; Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады. Ойынның ережесі: 1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады. 2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады. Әдістемелік нұсқаулар. Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек. Ойын қызықты өтуі үшін ойынның мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады. Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады. Ойынның педагогикалық маңызы. Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар			



жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді. Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады. Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл – қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті

уақыты: 10.40 – 11.10

3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет
ҰІӨ тақырыбы: Мектепке неапарамыз?
ҰІӨ мақсаты: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Оқу құралдарын дұрыс атап, есте сақтау үйрету. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.
Дағды: жаңылтпашты қайталау, дұрыс айтуға дамыту. Сөздерді бір-

3. Құрастыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті
ҰІӨ тақырыбы: Мысық. (сіріңке қораптарынан). Күшіктер.
ҰІӨ мақсаты: түрлі түстерді үйлестіру арқылы сіріңке қораптарынан әртүрлі заттар құрастыруға үйрету, қалдық материалдармен жұмыс кезінде өз қызметін жоспарлау дағдыларын

3. Сауат ашу негіздері - коммуникативтік әрекет
ҰІӨ тақырыбы: Сөйлем құрай білеміз.
ҰІӨ мақсаты: сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау. Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы саусақ бұлшық еттерін дамыту.
Дағды: Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру.
Күтілетін нәтиже:

3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет
ҰІӨ тақырыбы: Оқушыға не керек?
ҰІӨ мақсаты: сөздік қорларын оқу құралдарының атаулармен толықтыру.
Дағды: сөздерді саналы түрде есте сақтауға және дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыруға дағдыландыру.
Күтілетін нәтижелер:

3. Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі
ҰІӨ тақырыбы: Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті бар?
ҰІӨ мақсаты: Балалардың бойында дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері және олардың емдік қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; гүлдейтін шөптесін өсімдіктердің өздеріне тән белгілеріне қарай атын атап,

бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жаңа сөздерін айтады, жаңылтпашты қайталайды, зат есімдерді жекеше жәнәкөпше түрде айтады, мәтінді қайталайды. Түсінеді: оқушыға оқу құралының қажеттігін түсінеді. Қолданады: үйренген сөздерін сөйлем құрауға қолдана алады, сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Еске түсіру сәт: «Мектепке енді барамыз» әнін тыңдау. Мектепке енді барамыз, Біз оқушы боламыз. Жақсы оқып сабақты Кілең бестік аламыз. Қандай таныс сөздер бар? Балалар өздеріне таныс сөздерді атайды: мектеп, оқушы. Түсіну: Дидактикалық ойын: «Сықырлы қоржын». -Мынау – кітап, кііі-тап. -Мынау не? -Мынау – кітап. -Кітап – оқу құралы. -Кітап не? -Кітап – оқу құралы. -Оқушыға кітап керек. -Оқушыға кітап керек пе? -Оқушыға кітап керек. -Оқушы кітап оқиды. -Оқушы не оқиды? -Оқушы кітап оқиды. -Мынау – қалам, қа-лам. -Мынау не?	жетілдіру, шығармашылық қиялын дамыту, Дағды: мақсатты түрде ұқыпты жұмыс жасай білуге дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: қалдық материалдармен заттар құрастыра алады; түсінеді: қалдық материалдарды мақсатты түрде пайдалана біледі; қолданады: сіріңке қораптарына қағазды қиып жапсырады, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыланады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Ерте, ерте, ертеде ... Алыс, алыс өлкеде Ақмамық деген мысық өмір сүріпті, ол сондай аппақ, әдемі, сүйкімді болыпты, бірақ оның достары болмапты. Ақмамық бір күні терезе алдында отырып, далада ойнап жүрген өзі сияқты мысықтарды көреді де, өзіне дос іздейді. Өзіне достар іздеп көп жерлерге барады, кішкентай балалардан көмек сұрайды, сөйтіп жүріп «Көгершін» деген балабақшаға барады, бірақ олар оған көмектесе алмады. –Балалар, Ақмамық енді сендерден көмек сұрап бүгін бізге келіпті. Қалай, балалар, Ақмамыққа көмектесеміз бе? Түсіну: жұмбақ жасырады: Үй күзетіп қалады, Кейде мал да бағады. Ызасы келсе қабады Шешуін кім	Жасайды: суретке қарап сөйлем құрайды, сөйлемге қажетті сөзді қосады. Түсінеді: сөздердің жалпы атауын, көп-аз ұғымын түсінеді. Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөйлемнің сызбасын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Ой қозғау: «Жалпы атауын ата» дидактикалық ойынымен бастайды. 1.Әке, аға, ана, әпке – . . . 2.Орындық, үстел, сөре, керует – . . 3.Шалбар, тымақ, шалма, жейде – . . 4.Кітап, дәптер, қалам, сызғыш – . . 5.«Тығылыспақ», «Қуаласпақ», «Мысық - тышқан», «Ақ серек – көк серек» – ... Түсіну: Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен) – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:(ай- на, алты-бақан, ба-қа, маймыл, жыл-қы, түйме- дақ,). Ойынды өзгертуге болады. Қолдану: Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос» – Мен сендерге бір сөзі жетпейтін сөйлем айтамын, ал сендер сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы бойынша келетін сөз қосуларың керек. Мысалы: Әкем балғамен шегені ... (шегеледі). Әжем шұлық ... (тоқыды). Көбелек гүлге ... (қонды). Бағдаршамда қызыл түс ... (жанды).	Жасайды: жаңа сөздерін айтады, 2-3 сөзден сөйлем құрастырады. Түсінеді: сөйлемді түсініп сәйкес суретті көрсетеді. Қолданады: сөздерді байланыстырып сөйлей алады, сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Еске түсіру сәті: Қима материалмен жұмыс. Суреттер бойынша өткен тақырыпты қайталау. Ойын: «Алтын сақа сөз жинайды» (мектеп, оқу құралдары тақырыбы бойынша). Түсіну: Мен бүгін бір оқушының сөмкесін әкелдім. Ішінде не бар? Балалар кезекпен келіп сөмке ішіндегі таныс заттарды алып атап, топтайды. Ойын барысында жаңа сөздермен таныстыру. -Мынау – кітап. Кітап не? -Кітап – оқу құралы. -Оқушыға кітап керек пе? -Оқушыға кітап керек. -Мынау – мәшине. Мәшине – ойыншық. -Оқушыға мектепте ойыншық керек пе? -Оқушыға ойыншық керек емес. -Мынау – қайшы. Мынау – ... қайшы (жеке-жеке айтады) -Оқушыға қайшы керек. -Оқушыға қайшы керек пе? Оқушыға қайшы керек.	тану қабілетін дамыту. Дағды: Зейінін, көзбен көргенін есте сақтау қабілетін және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілетін дамыта отырып дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: дәрілік өсімдіктер жайлы түсінік қалыптастырған; өз өлкесінде өсетін өсімдіктердің кейбір түрлерінің аттарын атап береді. Түсінеді: олардың емдік қасиеттерін. Қолданады: дәрілік шөптерді жинау дағдысын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру. Тәрбиеші шеңбердің ішімен жүреді, бірде ұлға, бірде қызға кезек-кезек қарап айтады. Қолдарын бір-біріне ұстатады. Балалар бір-біріне күлімдеп қарайды. Жарқырап күнде ашылды, Айналаға гүл шашылды Қайырлы күн! Біз нәзік қыздармыз! Қайырлы күн! Біз ержүрек ұлдармыз! Мифа шабуыл: Адамдардың өсімдіктерді емдік мақсатта пайдаланатынын айтады. Балалар әңгімеге қосылады. «Өсімдіктерсіз Жер бетінде тіршілік болмас еді, өсімдіктер тірі жан иелерінің тыныстауына көмектеседі» деген тұжырым жасайды. Түсіну: Табиғаттың адамдарға жасаған сыйы көп. Көптеген ауруларды емдеуге көмектесетін дәрілер бар. Тек
--	---	--	---	--

	-Мынау – қалам. -Қалам – оқу құралы. -Қалам – не? -Қалам – оқу құралы. -Оқушыға қалам керек. -Оқушыға қалам керек пе? -Оқушыға қалам керек. -Мынау – сызғыш, сыз-ғыш. -Мынау не? -Мынау – сызғыш. -Сызғыш – оқу құралы. -Сызғыш не? -Сызғыш – оқу құралы. -Оқушыға сызғыш керек. -Оқушыға сызғыш керек пе? -Оқушыға сызғыш керек. -Мынау – дәптер, дәп-тер. -Мынау не? -Мынау – дәптер. -Дәптер оқу құралы. -Дәптер не? -Дәптер оқу құралы. -Оқушыға дәптер керек. -Оқушыға дәптер керек пе? -Оқушыға дәптер керек. -Оқушы дәптерде жазады. -Оқушы дәптерде не істейді? -Оқушы дәптерде жазады. -Мынау – қарындаш. Мынау не? -Мынау – қарындаш. -Қарындаш – оқу құралы. -Қарындаш не? -Қарындаш – оқу құралы. -Оқушыға қарындаш керек. -Оқушыға қарындаш керек пе? -Оқушыға қарындаш керек. -Кітап, қалам, дәптер, сызғыш, қарындаш – оқу құралдары. Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке айтып жаттығады. Білу: Дыбыстық жаттығу	табады? (Ит) Ит туралы әңгіме айтуды ұсынады: Ит – адамның досы. Ит үйді күзетеді. Иттің баласы күшік. Педагог балаларға ит пен күшікті қағаздан жасауды ұсынады. Білу: күшіктің бейнесін үлгі бойынша талдау жасайды: үлкен жолақ қағаздан күшіктің дене бөлігін, кіші жолақ қағаздан басын, одан кіші жолақтардан аяқтары мен тұмсығының жасалу ретін түсіндіреді; жолақты орап, желімдеу жолдары көрсетіледі; цилиндр пішіндерді бір-біріне қалай желімдеудің жолдары түсіндіріледі; құйрығы мен құлағын,көзін, тілін түрлі түсті қағаздан қиып жапсыруға болатынын айтады. Шығармашылық поэзиялық сәт: «Мысық пен күшік» туралы ән айтамыз. Ала мысық панданады мяу, мяу, мяу, Әлденеге қамданады мяу, мяу, мяу, Ала мысық айлалы жан - жағына қарады мяу, мяу, мяу, Айналаны қорғаштап ав, ав, ав, Ұзын тілі салпақтап ав, ав, ав, Қос құлағы салбырап Достық жайлы ән шырқайды ав, ав, ав, мяу, мяу мяу.	Құрылысшы кірпіш ... (қалады). Дәрігер науқасты ... (емдеді). Атам газет ... (оқыды). Балалар далада ... (ойнады). Әпкем ыдысты ... (жуды). Ағай күй ... (тартты). Білу: Дидактикалық ойын: «Сөйлемді толықтыр» Мақсаты: Сурет бойынша сөйлемдерді құрауға, жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету. Көрнекілігі: «Аулада» тақырыбындағы мазмұнды сурет. Мазмұны: балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: <i>Әсем ойнап жүр.</i> Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: <i>Әсем аулада ойнап жүр.</i> Келесі бала тағы бір-екі сөзді қосады. <i>Әсем аулада досымен ойнап жүр.</i> Дидактикалық ойын: «Көп-аз» -Мен сендерге сөзді көпше түрінде айтамын да допты лақтырамын, допты қағып алған бала сол сөздің жекеше түрін айтады да допты кері лақтырады. Мысалы: <i>балықтар – балық, керіктер – керік, алмалар – алма, гүлдер – гүл, ағаштар – ағаш, қоңыздар – қоңыз, ұлулар – ұлу, орындықтар – орындық, тарақтар – тарақ, кеселер – кесе, қасықтар – қасық, қозылар – қозы, лақтар – лақ, тайлар – тай, құстар – құс, көбелектер – көбелек, мысықтар – мысық, үйлер – үй, достар – дос, көліктер – көлік, кітаптар – кітап, қаламдар – қалам, үстелдер – үстел, саусақтар – саусақ</i> т.б. Поэзиялық сәт: Саусақ жаттығуы Кіп-кішкентай саусақтар Шаршамайды,	-Мынау – желім. Мынау не? -Мынау – желім. -Оқушыға желім керек. -Оқушыға желім керек пе? -Оқушыға желім керек. -Мынау – қылқалам. -Мынау не? -Мынау – қылқалам. -Оқушыға қылқалам керек. -Оқушыға қылқалам керек пе? -Оқушыға қылқалам керек. -Мынау – сурет дәптері. Мынау не?Мынау – сурет дәптері. -Оқушыға сурет дәптері керек. -Оқушыға сурет дәптері керек пе? -Оқушыға сурет дәптері керек. Білу: Сөздік ойын: «Оқушы не істейді» Оқушы қаламмен жазады. Оқушы қайшымен қағаз қияды. Оқушы қылқаламмен сурет салады. Оқушы сурет дәптерінде сурет салады. -Оқушыға оқу құралдары не үшін керек? -Оқушы қаламмен жазады. Қайшымен қағаз қияды. -Қылқаламмен сурет салады. Сурет дәптерінде сурет салады. Қолдану: Сөздерді бекітуге арналған «Сақ бол» ойыны.Оқу құралдарын бірде дұрыс, бірдеқате айтады. Зейін қойып тыңдап, балалар «қатесін» түзетеді. Дидактикалық ойын:	оларды тани білуіміз және қолдана білуіміз керек. Адамдар аңдардың бәрінің шөптермен емделетінін ерте замандарда байқаған. Әртүрлі өсімдіктерәртүрлі ауруларға ем. Сендер қандай дәрілік өсімдіктерді білесіңдер? Дәріханадан дәрілік шөптерді көргендерің бар ма? Сендер ересектермен бірге дәрілік шөптерді жинап көрдіңдер ма? Дәрілік өсімдіктерден демделген шайды кім ішіп көрді? Тәрбиеленушілерге Қазақстандның дәрілік шөптері туралы әңгімелеп береді: Қалақайдың адамдар үшін пайдасы көп. Одан салат пен щи дайындауға болады. Қалақайдың құрамында микробтарды өлтіретін заттар бар. Сонымен қатар қалақай қанды тоқтатады және шаштың түбін нығайтады. Адамдар жолжелкенді ерте замандардан бері пайдаланған. Ол жараны жазуға, асқазан ауырғанда және суық тигенде жақсы көмектеседі. Дәрілік өсімдіктердің көбі орманда, далада, көгалдарда, су жағасында кездеседі. Педагог айтқан мәліметтерді мұқият тыңдайды. Өз өмірінен алған мәліметтермен толықтырады. Есте сақтап қалады: Тәбетің дұрыс болмаса, бақбақ тамырының, асқазаның ауырса, мыңжапырақтың, суық тисе, киікотының, жөтелсең, өгейшөптің, аяғың күйіп қалса, сүйелшөптің қайнатпасымен
--	--	--	--	---	--

	(айнамен орындалады). I-i-i-i – кітап, кітап. Қ -қ-қ-қ – қалам, қалам. Ә-ә-ә-ә- дәптер, дәптер. Сөздерді бекіту үшін, «Қайтала, көрсет» ойынын жүргізеді. Оқу құралдары жекеше, көпше айтылады. Сөздерді қайталап, үстелден алып көрсетеді. кітап – кітаптар қалам – қаламдар сызғыш – сызғыштардәптер – дәптерлер Шағын мәтін құрайды. <i>Мен мектепке барамын.</i> <i>Мектепке кітаптар,</i> <i>дәптерлер, қалам апарамын.</i> <i>Мен жақсыоқушы боламын.</i> Балалар мәтінді қайталайды. Қолдану: Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта». Берілген сөздерге жалғастырып, сөйлем құрау. Оқушы дәптерде жазады. Оқушы ... (дәптерде жазады). Кітапты оқиды. Кітапты ... Қарындашпен сызады. Қарындашпен ... Поэзиялық сергіту сәт: Сергіту сәті: Бір, екі, үш Аяққа түсті күш. Төрт, бес, алты, Күшіміз артты. Жеті, сегіз Білім, еңбек егіз. Тоғыз, он Құстай үш та қон Жаңылтпашты қайталау. Сыныпта ақ бор бар, Көк бор бар, Көп бор бар.	Балалар жұмыстарын жалғастырады.	тынбайды. Себебі бұл саусақтар, Жаттығулар жасайды. Түрлі-түрлі сызықтар, Дәптерлерге жазады. Еңбексүйгіш саусақтар, Бәрінен де озады.	«Сөйлем құра». Берілген сөздермен сөйлем құрау. Оқушы, керек, кітап. (Оқушыға кітап керек). Жаз, қалам. (Қаламмен жазады). Сынып, мектеп, бар. (Мектепте сынып бар)	емдейді. Терідегі дақты да сүйелшөп кетіреді. Тамағың ауырса, дала түймедағымен, жараны қырмызыгүлмен емдейді. Білу:«Алмаз» техникасы. Қысқаша жауаптан кейін сурет алмаздың тиісті шаршысына орналастырылады. Тапсырмалар: Жараны жазатын дәрілік өсімдіктің суретін таңда. Емдік қасиеті бар 2 бөлме өсімдігін тап. Біздің өлкемізде өсетін 3 дәрілік өсімдікті тап. Түймедақтың 4 түрлі қасиетін атап бер: жұпар иісті, әдемі, емдік, адамдар үшін өте қажет. Дәрілік шөптерді жейтін 3 жануарды таңда. Дәрілік өсімдіктердің 2 түрлі әрекетін атап бер: өседі, емдейді. Анаң ішкізген 1 дәрілік өсімдік қайнатпасының атын атап бер. Түймедақ, жолжелкен сияқты кейбір дәрілік өсімдіктерді зерттеуге қатысуға шақырады. Иісін, өзіне тән ерекшеліктерін атап көрсетеді. Қолдану: Балаларды дәрілік өсімдіктерді жинау тәртібін талқылауға шақырады.Талқылайды, дәрілік өсімдіктерді жинау тәртібін құрастырады: Дәрілік өсімдіктерді жақсы білу және оларды улы өсімдіктерден айыра білу (қарғакөз т.б.). Дәрілік өсімдіктерді күн ашықта, таңертен, шық кепкен кезде жинайды. Қалада, жолға жақын
--	---	---	---	--	--

	Балалар жаңылтпашты жай, жылдам, қатты және ақырын қайталайды.				жерлердегі өсімдіктерді теруге болмайды. Неге? Өсімдіктерді жинаған кезде езіліп, шырыны шығып кетпес үшін кеңірек себетке салу қажет. 5. Өсімдіктерді күнге емес, көлеңкеге қойып кептіреміз. 6. Жинаған кезде өсімдіктерді басуға, тамырымен бірге жұлуға, біткенше жинауға болмайды. Өзекті мәселе: Қызыл кітапқа енген өсімдіктерді жұлуға болмайды. Неліктен?
--	--	--	--	--	---

3 үзіліс – 11:10 – 11:20

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.




Ойын: «Үйрек үйрек, қаз».

Мақсаты: Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу.

Барысы: Қатысушылар дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Жүргізуші шеңбердің ішінде айналып жүріп, қолымен көрсетіп "үйрек, үйрек, үйрек, қаз" дейді. Қаз жүргізушіге қарай, қарама-қарсы жүгіреді. Бұл екеуінің орындайтын тапсырмасы тезірек босаған орынға барып тұру.

Ойынның қиындығы : олар ортада кездескенде бір-бірінің қолын алып, реферанс (қимылмен ілтипат) жасау керек, бір-біріне күліп қарап: "Қайырлы таң, қайырлы күн, қайырлы кеш" деп сәлемдеседі де, бос орынға қайтадан жүгіреді. Осылай ойын жалғаса береді. Ескерту: Жүргізуші барлық балалар "Қаз" рөлінде ойнап шығуын қадағалап тұрады. Сәлемдесу және реферанс нақты көтеріңкі дауыс ырғағымен орындалу қажет.



4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 11.20 – 11.50

4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі	4. Музыка- шығармашылық әрекет	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі	4. Музыка- шығармашылық әрекет	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі
---------------------------------------	--------------------------------	--	--------------------------------	--

	ҮІӨ тақырыбы: Футбол ойнаймыз (таза ауада) ҮІӨ мақсаты: Ағзаның шыныққандығын қалыптан тыс жаттығулар арқылы арттыру. Қимыләрекеттердің еркін орындалуы мен сапта жүру жаттығуларын үйретуді, доппен орындалатын спорттық жаттығулар түріндегі футбол ойыны қимылдарын үйретуді жалғастыру. Дағды: Футбол добын аяқпен жүргізуге жаттығу. Доптың қозғалыс бағытын дұрыс анықтау қабілетін арттыру. Допты жұпта бір-біріне лақтырып, түрлі қалыпта қағып алу, сол сәттегі жағдайды дұрыс бағалап, шешім қабылдау дағдыларын, допты екі аяқпен қысып, 2,5 метрге ілгері секіріп қозғалуды жалғастыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жұпта жаттығулар орындау, допты бір-біріне ерекше тәсілдермен лақтыру, эмоциялық ахуалды қалыпқа келтіру. Түсінеді: «футбол» термині, ойын шарты, ойын кезіндегі қауіпсіздік ережелері, жаттығулардың маңызы, аяқ ұшының іш жағымен пас беру, әрекеттерін келісіп істеу. Қолданады: төрт аяқтап еңбектеу, тізесімен доп қысып секіру, доптың қозғалыс бағытын сақтай білу, жұппен келісіп әрекет ету. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.	ҮІӨ тақырыбы: Бақшадағы ән-сауық. ҮІӨ мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру. Дағды: Сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айтуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: өз беттерінше би қимылдарын ойлап, әуенге ілесіп жасайды. Түсінеді: музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту. Қолданады: музыканың сипатына сәйкес қозғалады, аспаптарда ойнайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай). Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап жүріп, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру. Түсіну: <i>Музыка тыңдау:</i> «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева). Музыка тыңдап, сипаты	ҮІӨ тақырыбы: Волейбол алаңында жаттығу. ҮІӨ мақсаты: Балалардың спорттық жаттығулар түріндегі түрлі қимылдар туралы түсінігін кеңейту. 20 см биіктікке жүгіріп келіп секіріп шығуға жаттығуды жалғастыру. Белгілі жерден итеріліп, екпін алуды жалғастыру. Қимыл жаттығуларының тиімділігін арттыра түсу. Дағды: Тиімді тыныс алу, волейбол добын қажет бағытта бір қолмен домалату, допты қақпақылдату, тартып керілген жіптен асырып допты лақтыру, қайта қағып алу, допты қолына ұстап, шынтаққа тіреліп жорғалау, 20 см биіктікке жүгіріп келіп секіріп шығу дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: «У-шу» арнайы жаттығулар кешені арқылы тыныс алуды қалыпқа келтіру, допты қақпақылдау, 20 см биіктікке жүгіріп келіп, секіріп шығу, зейінді дамытуға арналған сезімдік ойын. Түсінеді: «волейбол» термині, ойын ережелері, ойын барысындағы қауіпсіздік ережелері, жаттығудың маңызы, команда ойыншыларына допты дәлдеп беру. Қолданады: көзді жұмып, айналып секіріп бұрылу дағдылары; қолға доп ұстап, шынтаққатіреліп жорғалау мен орташа жылдамдықта	ҮІӨ тақырыбы: Ән салып, би билейміз. ҮІӨ мақсаты: Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру. Дағды: Қолмен әннің бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратуға дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: ән орындайды, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратады. Түсінеді: музыкалық аспаптарды дыбыстарынан ажырату түсінеді. Қолданады: музыкаға сәйкес қимылдар орындайды, билейды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай). Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру. Музыка тыңдау: «Балдырғандар маршы» (К. Қуатбаев). Музыка тыңдап, сипаты	ҮІӨ тақырыбы: Менің достарымның ойыны. ҮІӨ мақсаты: Тізбектелген түрлі жаттығуларды орындау дағдыларын дамыту. Айналып тұрған арқаннан өтуге жаттықтыру, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп, арқанның дәл аяғының астынан өту сәтінде секіруді дамыта түсу. Дағды: Ұшып келе жатқан доптан түрлі тактикалар қолданып қашуды бекіту. Кеңістікті бағдарлай білу, төзімділігін, реакция шапшаңдығын дамыту. Өз әрекетін командадағы өзге ойыншылардың қимылымен үйлестіруін қалыптастыру, дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: көз бұлшық еттерін белсендіру жаттығулары (Е. Жуйков), қозғалыстағы нысананы ату. Түсінеді: санамақтың маңызын, ойынның денсаулықты нығайту құралы, түрі екендігі, ұшып келе жатқан доптан түрлі тактиканы пайдаланып қашып кету әдістерін; нысананы ату үшін бастапқы қалыпқа дұрыс тұру; арқаннан, оның аяқ астынан өтер сәтінде секіріп өтуді. Қолданады: кеңістікті бағдарлауды, нысананы атуды, өз әрекетін басқа ойыншылардың әрекетімен үйлестіру дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Көз бұлшық еттерін белсендіру жаттығулары. (Е. Жуйков)
--	--	---	--	---	--

Қолдану: Ойын жаттығуы: «Әр нөмірді шақыру». Шақырылған нөмірлі ойыншылар ғана орындайды: «Артқа бұрыл!» командасы берілмейінше, бұрылмайды. Дұрыс дем алып, қозғалыс бағытын сақтауға тырысады. Залдың ортасы арқылы тізбекке, екі тізбекке қайта сап түзейді. Екі тізбек ойыншылары бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Өз әрекетін жұптарындағы балалардың әрекетімен үйлестіреді. Түсіну: «Қорғаушылар» (6 рет). Аяқ басының арасына доп қыстырып секіріп жүру. Аяқтың ұшымен секіріп қонып, допты түсіріп алмауға тырысады. Алдымен 1 бала екіншіге қарай барып, орнына қайтып келеді де, сосын 2 бала біріншіге қарай қозғалады. Допты басымен итеріп, еңбектеп қозғалу. Алдымен 1 бала екіншіге қарайбарып, орнына қайтып келеді де, сосын 2 бала біріншіге қарай қозағалады. «Шабуылшылар» Допты 2,5 м қашықтыққа әртүрлі тәсілмен апару – оң аяқпен, сол аяқпен, екі аяқпен. (9 рет). Аяқ басының ішкі жағымен сергек қимылдап, алдыға қарай, жұбына дейін алып бару. Педагогтің командасымен допты алдымен бір аяқпен, сосын екінші аяқпен, сосын екі аяқпен бірге жүргізеді. Допты алысқа жібермей, доптың	туралы, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. <i>Ән айту:</i> «Біз бақытты баламыз» (Ө. Қонысбеков). Үйренген «Көктем» әнін (А. Жайымов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Білу: Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Бидің қимылдарын аяғына дейін үйреніп, соңына дейін музыка ырғағымен билеу. Ойындар, хороводтар: «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Ойын шартын түсіндіреді. Сағат тілімен әуенді ажырата білу, бұрын тыңдаған музыкаларын еске түсіру. Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов). Шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар кезектесіп, асатаяқпен музыкаға ілесе ырғақты ұстап сілкілеп ойнайды.	жүгіруді тез алмастыру. Волейбол добын керілген жіптен асырып лақтырып, келесі жағынан қағып алу, жұпта үйлестіріп жұмыс істеу. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Сезімдік жаттығу: «Санауды тыңда». 1-2-3 – деп санап жүреді. 4 – секіреді, 1-2-3 – жүреді, 4 – 360°-қа айналып бұрылады, 1-2-3 – жүру, 4 – малдас құрып отыра қалады. Түсіну:1. «Басты бұру» Бастапқы қалып – аяқты алшақ, қолды бас бармағын артқа қаратып белге қою. Басын баяу солға бұрады. -Бастапқы қалып – тыныс шығару -Бастапқы қалып – басын баяу солға бұрады -Бастапқы қалып – тыныс шығару 2. «Аспанға жетемін» Бастапқы қалып – аяғын алшақ қойып, қолдарын шынтағынан бүгіп, жұдырығын түйеді. -қолдарын жоғары көтеріп, алақанын ашып, тынысалады. -Бастапқы қалып – тыныс шығару 3. «Кеудені түзету» Бастапқы қалып – аяғын алшақ қойып, қолдарынішіне айқастырып қойып тұрады. Сол қолын оң қолының алдына қояды. - айқастырып қойған қолын алға-жоғары көтергенде,дем шығарады. Екі қолмен жанына қарай	туралы сұрау, әуенді тыңдап, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Түсіну: Ойындар, хороводтар: «Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев). Ойын шартын түсіндіреді. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасап тұрады, 3-4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады. Ортада – «соқыртеке». Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1-шумағын айтады. 2-шумақты «соқыртеке» айтады. 2-шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «соқыртекеге» ұсталып қалмас үшін жан-жаққа жүгіреді. "Соқыртеке" біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса, әннің 4-шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала "соқыртеке" болады. Егер де ұстай алмаса, әннің 2-шумағын айтып, қайтадан"соқыртеке" болып қалады. Білу: Музыкалық аспапта ойнау:«Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников). Алдымен балаларға әуенді ойнап, қандай музыкаға	Бұл жаттығулар статикалық күйзелістен айырылуға, көз бұлшық еттеріндегі қан айналымының жақсаруына, көлденең жазықтықтағы қимыл әрекеттерін бағдарлау-басқаруының жақсаруына, вестибуляр аппаратының реакцияларын жалғастыруға, көзқимылдарының жақсаруына септігін тигізеді. 1.30 сек интервалмен көзді қатты ашып-жұмуды 5–6 рет қайталау. 2.2-3 сек көзді айналдыру. 3–4 рет. 3.1–2 мин ішінде тез-тез жыпылықтау. 4.30–40 сек алысқа қарап тұру, көзді 25–30 см қашықтықта тұрған саусақтың ұшына ауыстыру (3–5 сек) 3–5 рет. 5.Екі қолдың үш саусағымен әр көздің үстіңгі жағын ақырындап 1-2 сек басып тұру (3–5рет) 6.Бір қолын алдыға, мөлшері беттің орта тұсына созып ұстау. Қолынан көз алмастан оны мұрнына қарай жақындату (3–4 рет) Түсіну: «Арқаннан секіру» (6 рет). Арқанды біресе тез, біресе ақырын, ойыншылардың біріне тигізу үшін шатастырыпайналдыру. Арқанның аяғының астынан өту сәтінде, жүргізушінің алдағанына көнбей, секіріп немесеқашып үлгеруге тырысады. «Аңшылар» (6 рет). Балалардың назарын ұшып келе жатқан доптан қаша білуге, ол
---	---	--	--	---

	артынан үлгеруге тырысады. Доптың бағытын жоғалтпайды. «Қақпашылар» (4 рет). «Артпен қарап, аяқтарының арасында допты қысып отыру» – бастапқы қалпынан допты лақтырады. 1– ойыншыға допты лақтырады. 1-ойыншы шапшаң орнынан атып тұрып, допты қағып алады. Барлық қимылдарында шапшаңдыққа тырысады. Білу: Ойын жаттығулары «Епті саусақтар» – допты жұпта екеулеп кішкентай бармақтарымен, сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да денемүшелерімен ұстап қалу. Допты екеулеп кішкентай бармақтарымен ғана ұстап тұруға тырысады. Сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да денемүшелерімен ұстап тұрады. Әрқайсысы өз әрекетін жұбымен келісіп істейді.		айналдыра доға жасайды. Доғажасап тұрып, демін сыртқа шығарады. Басын көтеріп, кеудесін шығарып, ішін тартады. 4. «Денені бұру» Бастапқы қалып – аяқтарын алшақ қойып, жұдырығын саусақтарын жоғары келтіріп түйіп, кеудесіне қысып тұрады. Оң қолының алақанын жазып, ауаны алдына қарай итеріп, денесін солға 90° бұрылады. Солға-алдыға қарайды. Бастапқы қалыпқа қайта келіп, сол қолмен қайталайды. 5. «Тізесін қолдарымен құшақтап, кеудеге жинау» Бастапқы қалып – аяқтарын бірге қойып, қолдарын алақандарын бір-біріне қаратып жоғары көтеріп тұрады. Кеудені көтеріп шағару. Оң аяғын кеуде тұсына дейін көтеріп, екі қолмен құшақтап, демін ішке тарту. Бастапқы қалыпқа қайта келіп, тыныс шығарады. Сол аяғымен тура солай қайталайды. Білу:«Саусақтарды жаттықтыру» – допты кез келген бағытта бір қолмен домалату.Допты сол қолмен, сосын оң қолмен, кейін екі қолмен бірақ дөңгелетеді. Доптың бағытын өзгертпеуге, допты алысқа жібермеуге, доптың артынанүлгеруге тырысады. «Допты керілген жіптен асырып лақтыру.	ұқсайтындарын сұрау. Балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап отырып, әуенге ілесе ұрмалы аспаптарымен ойнайды.	үшін түрлі тактикаларды қолдана білуге, шапшаң қимылдауға аударту. Балалар екі топқа бөлінеді. «Қасқырлар» диаметрі 4 м шеңбердің ішінде жүреді. «Аңшылар» оларды шеңбердің сыртында тұрып, доппен атып алуға тырысады. Барлық аңшы қолындағы доптарымен атып біткенде, шеңберде қалған қасқарларды санап,оларға ұпай беріледі. Енді олар орын ауыстырады. Көп ұпай алған команда жеңіске жетеді. Білу: «Тосқауыл» (4 рет) Ойыншылар бірінің ішінде бірі тұрған екі шеңберге бөлініп тұрады. Екі шеңбер екі бағытта жүреді. Кенет екі шеңбер де күрт тоқтайды да, ішкі шеңбердегі балалар қол ұстасып «қақпа» жасап тұрады. Сыртқы шеңбердегі балалар оларды айналып жүре бастайды (шеңберден бір шығып, бір кіріп жүреді). Белгі бойынша ішкі шеңбер қолдарын шұғыл төмен түсіреді (қақпа жабылады). Шеңберден шығып үлгермей, іште қалған ойыншылар ішкі шеңберге қосылады. Ойын жалғаса береді. Екі топтың орнын ауыстырып қайталау.
--	--	--	--	--	--

			Шапшандыққа жаттықтыру» Воллейбол добын керілген жіптен асырып лақтырып, астынан өтіп, шапшаң аттап, екінші жағынан қайта қағып алады. «Секіргіштікті жаттықтыру» 20 см биіктікке жүгіріп келіп, секіріп шығу. Секіріп бір аяғына қонады. Еденнен шұғыл итеріледі. Секірген сәтте қолдарымен серпіліп көмектеседі. Қайта еденге қонғанда аяқтарын тізесінен бүгіп, қолдарын алдыға созады. Зейінді дамытуға арналған Сезімдік ойын: «Еріккендер». Ойыншылар қолдарынан ұстанып, шеңбер бойымен жүреді. Белгі бойынша тоқтап, бір шапалақ ұрып, шұғыл бұрылып, енді артпен жүгіре береді. Әрбір белгі бойынша қозғалыс бағыты өзгереді. Дұрыс бұрылмаған ойыншы ойыннан шығады.	
--	--	--	---	--

4 үзіліс – 11:50 – 12:30

Балалардың дербес іс-әрекеті

Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру




Ойын: «БОТАҚАН» (Қазақ халқының ойыны)

Мақсаты: Оқушылардың денсаулығын, ой-өрісін, икемділігін, шапшаңдылығын, ұлттық ойынға қызығушылығын дамыту.

Ойынның шарты:

Ойыншылар өз орталарынан атан түйе мен мыстан кемпір сайлап алады. Қалғандары, яғни ботақандар атан түйенің артынан бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрады. Мыстан кемпір «ұшқыш сыпыртқысымен» атан түйенің алдына «ұшып келіп»: «Керуен, қайдан келе жатырсың, қайда кетіп барасың?» деп, артындағы ботақандарының біреуін беріп кетуін сұрайды. Бірақ оған атан түйе келіспейді. Сонда мыстан кемпір жүгіріп жүріп керуеннің соңындағы ботақанды күшпен тартып алуға әрекеттенеді. Ал атан түйе мыстан кемпірді ең соңғы ботақанға жібермеуге тырысады. Ботақанды ұстап алса, мыстан кемпір оны үйіне апарып қойып келіп, енді келесі соңғы ботақанды ұстап алуға әрекет

		етеді. Осылай 2-3-рет қайталанған соң, атан түйе мен мыстан кемпір басқадан сайланып, ойын әрі қарай жалғастырылады.			
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 11.50 – 12:00	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет (Еркежан, Нұрым, Аян) осы балалармен жұмыс жүргізу. Мақсаты: сөздік қорын байыту. Жаңылтпашты қайталау. Сыныпта ақ бор бар, Көк бор бар, Көп бор бар. Балалар жаңылтпашты жай, жылдам, қатты және ақырын қайталайды.	Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті Дидактикалық ойын: «Сақтап ал» (Ақжол, Жанеля) осы балалармен жұмыс жүргізу. Мақсаты: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.	Сауат ашу негіздері – коммуникативтік, танымдық әрекет (Ибраһим, Аяжан) осы балалармен жұмыс жүргізу. «Жалпы атауын ата» дидактикалық ойын. Мақсаты: Жатқа айта білу дағдысын қалыптастыру 1. Әке, аға, ана, әпке – . . . 2. Орындық, үстел, сөре, керует – . . 3. Шалбар, тымақ, шалма, жейде – 4. Кітап, дәптер, қалам, сызғыш – . . 5. «Тығылыспак», «Қуаласпак», «Мысық - тышқан», «Ақ серек – көк серек» – ...	Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (Батыржан, Ажар) осы балалармен жұмыс жүргізу. Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік, тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту.	Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет (Баланың отбасы және қоғам) (Арнұр, Сұлтан) осы балалармен жұмыс жүргізу. «Дәрілік өсімдіктер туралы» әңгімелесу. Мақсаты: Сурет бойынша өз ойын айытқызу. Адамдардың өсімдіктерді емдік мақсатта пайдаланатынын айтады. Балалар әңгімеге қосылады. «Өсімдіктерсіз Жер бетінде тіршілік болмас еді, өсімдіктер тірі жан иелерінің тыныстауына көмектеседі»
Серуенге дайындық	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету				
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!» 12.00 – 12:30	Сәуір Серуен-Бақылау № 6 Жәндіктерді бақылау Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.	Сәуір Серуен-Бақылау № 7 Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау Мақсаты: бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау. Бақылау барысы	Сәуір Серуен-Бақылау № 8 Жолжелкенді бақылау Мақсаты: емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі	Сәуір Серуен-Бақылау № 9 Гүлзарды бақылау Мақсаты: — Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; — Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;	Сәуір Серуен-Бақылау № 10 Ауа-райын бақылау Мақсаты: Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды

	<i>Бақылау барысы</i> <i>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</i> -Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) -Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) -Ызындап ән салып, Жүп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) -Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) -Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б</i>) ♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар) ♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>) ♦ Қандай жәндіктердің	Көркемсөз «Көктем» Б. Жақып Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар. Түрлі _ түсті әйбат, Гүлдер шықты жайнап. Қызыл - жасыл аймақ, Қырға шықтық ойнап. Балаларға сұрақтар: Көктем келгелі айнала қоршаған ортада қандай өзгерістерді байқадыңдар? Ауламыздағы ағаштар бойында қандай өзгерістер бар? Бұталар мен шөптерден қандай көктем бейнесін көріп тұрсыңдар? Дидактикалық тапсырма: Ауламыздағы ағаштардың қалай қыстап шыққанын қарау: сынған бұталар көп пе? Еңбек Алаңдағы сынған ағаш бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау. Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана білу. Қимылды ойын «Кім аталған ағашқа тез жетеді?». <i>Мақсаты: ағаш аттарын</i> <i>дұрыс атай білу, ойлау</i> <i>қабылеттерін дамыту,</i> <i>жылдамдыққа баулу.</i> Жаттығу ойыны: Қозғалыстарын дамыту. <i>Мақсаты: сапта дұрыс</i> <i>жүрулері мен жеңіл</i> <i>жүкірулерін тиянақтау</i> Мақал мәтел: Бабасы еккенді, баласы орады.	<i>мен емдік қасиеті туралы</i> <i>білімдерін молайту.</i> Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімесі <i>-Жолжелкен қазақстанның</i> <i>барлық жерінде өседі. Көше</i> <i>бойлап келе жатсаң жол</i> <i>жиегінде, өзен бойы,</i> <i>шалғындық алқаптарда</i> <i>көптеп кездеседі.</i> <i>Сондықтан да болар бұл</i> <i>өсімдікті «жолжелкен» деп</i> <i>атайтыны. Адам аяғы</i> <i>баспайтын жерлерде</i> <i>жолжелкенді</i> <i>кездестірмейсің. Күзде</i> <i>жолжелкеннің гүлдері</i> <i>тұқым шашқан кезде, ол</i> <i>аяқкиімге жабысып барып,</i> <i>басқа жерлерге дәннің</i> <i>түсуіне байланысты, кез</i> <i>келген жерде өсіп шығады.</i> <i>Жолжелкен маусымнан</i> <i>қыркүйек аралығында</i> <i>гүлдейді. Оның</i> <i>жапырақтарын маусым,</i> <i>шілде айларында жинайды.</i> <i>Жолжелкеннің жапыраған</i> <i>сабағымен қоса бүлдірмей</i> <i>алып, көлеңке жерде</i> <i>кептіреді. Жолжелкеннің</i> <i>жапырақтары дене</i> <i>сыртындағы аққан қанды</i> <i>тоқтатуға, күйген жараға,</i> <i>іріңді ісікке, шіқанға</i> <i>қолданылады.</i> <i>Жолжелкеннің шырынын</i> <i>жәндіктер шаққан жерге,</i> <i>асқазан ауруына, шаниуга,</i> <i>мұрыннан қан аққанда және</i> <i>дизентерияға пайдаланады.</i> <i>Балаларға сұрақтар:</i> ♦ Мамыр айын халықта қалай атайды? (<i>шешек айы</i>) ♦ Өсімдіктер қай жерде бар	— Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді ♦ Қандай үй гүлдерін білесіңдер? ♦ Қандай дала гүлдерін білесіңдер? ♦ Олардың қандай айырмашылығы бар? ♦ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? ♦ Сендердің үйлерінде гүл бар ма? Қандай? ♦ Оларды қалай күтесіңдер? ♦ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек? ♦ Біздің гүлзарға отырғызуга арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? ♦ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? ♦ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуга болмайды? ♦ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады? Еңбек Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). <i>Мақсаты:</i> — Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; — Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру. Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?».	<i>жалғастыру.</i> Бақылау барысы Көркем сөз. <i>А.Меңдібай</i> <i>Мамыр айы келгенде,</i> <i>Дала гүлге толады.</i> <i>Жайнап барлық атырап,</i> <i>Қызық-думан болады.</i> <i>Бақиамызда біз еккен,</i> <i>Гүл шоқтары гүлдейді.</i> <i>Жапырақтар сыбдырлап,</i> <i>«Қандай көркем, көр»-</i> <i>дейді.</i> Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. ♦ Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем). ♦ <i>Ал, сендер суреттен не</i> <i>көріп тұрсыңдар? (қар еріп</i> <i>жатыр,жер су болып</i> <i>жатыр, балалар құстарға</i> <i>ұя жасап жатыр)</i> ♦ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (<i>күн</i> <i>жылығандықтан</i>) ♦ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) ♦ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) ♦ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк) ♦ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап- жасыл болып тұр). ♦ Қыста қар жауған кезде
--	--	--	---	---	---

	пайдасы бар? <i>(ара, жібек құрты, құмырсқа).</i> ♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) ♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) ♦ Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. Еңбек: Аланды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». <i>Мақсаты:</i> кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. <i>Ептілікке, жылдамдыққа баулу.</i> Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. <i>Мақсаты:</i> жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.	<i>Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы.</i> <i>Дана көптен, дәрі шөптен</i>	да, қай жерде жоқ? <i>(күннің көзі көп түскен жерде бар)</i> ♦ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын) ♦ Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? <i>(олар бұрынғыдан да жасылдана түседі)</i> ♦ Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? <i>(жолжелкен)</i> ♦ Оны неге олай атаған? ♦ Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі? Зерттеу жұмысы Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу. Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру. Еңбек: Ойын алаңын тазалау. <i>Мақсаты:</i> бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Бәйге». <i>Мақсаты:</i> жеңіске деген құштарлықтарын арттыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны: Дыбыстар арқылы жүру <i>Мақсаты:</i> тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау. Мақал-мәтел: <i>Дана көптен, дәрі шөптен. Құнарлы шөп, қосымша сүт.</i>	<i>Мақсаты:</i> жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма». <i>Мақсаты:</i> бөрене үстімен жүруге жаттықтыру. Мақал-мәтел: <i>- Әр гүлдің иісі әр басқа. -Гүл-араға, бал-балаға. Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.</i>	ауа температурасы қандай еді? ♦ Жаңбыр қандай температурада жауады? ♦ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды). Еңбек Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. <i>Мақсаты:</i> кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру. Қимылды ойын «Үшінші артық». <i>Мақсаты:</i> ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. <i>Мақсаты:</i> — Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; — Қозғалыс координацияларын сақтау; <i>Мақал-мәтел</i> <i>-Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас.</i>
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40					

«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.
---	--	--	---	---	---

Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі: